

Тақырыбы: Траншекаралық өзендердің суларын халықаралық нормаларға сәйкес әділетті бөлу.

Бүгінгі таңда әлемде халық санының өсуіне, қарқынды экономикалық дамуға және климаттың өзгеруіне байланысты тұщы суға деген сұраныстың артып келе жатыр.

Ал Қазақстанның су қоры көлемінің 44% сырт көздер есебінен толығынын ескерсек, жалпы судың жетіспеушілігі болашақта еліміздегі өзекті мәселенің біріне айналатыны сөзсіз. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының су бетінің ресурстары шамамен 100,5 куб. км құрайды. Соның ішінде ҚР аумағында 56,6 текше км (56%) су құралады және көрші елдерден - Ресей, Қытай, Өзбекстан мен Қырғызстаннан бізге жалпы көлемі 43,9 текше км (44%) су келеді. Қазақстанның 8 өзен бассейндерінің 7-і трансшекаралық болып табылады, яғни біздің негізгі ірі деген өзендердің барлығының, Нұрадан басқасының, трансшекаралық сипаты бар деуге болады. Алайда, Елбасының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы халыққа жолдауында Үкіметке берген тапсырмасына сәйкес әзірленген және 2014 жылғы 4 сәуірде ҚР Президенті Н.Назарбаевтың № 786 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын» сапалы жүзеге асыру, су шаруашылығы саласын нығайтуға және су үнемдеудің озық технологияларын енгізу арқылы еліміздің экономикасының барлық салаларын толық сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, ауыз су тапшылығының алдын алуға мүмкіндік береді деген сенімдеміз. - Трансшекаралық өзендер мәселесіне келгенде Қазақстан қандай елдерге тікелей тәуелді? Қытай мен Қазақстан, Ресей мен Қазақстан, Қырғызстан мен Қазақстан, Өзбекстан мен Қазақстан арасында қандай мәселелер бар?

Жоғарыда аталып өткендей, Қазақстанның 8 өзен бассейнінің 7-і трансшекаралық өзендер бассейндері болғандықтан, солар арқылы еліміздегі су қорының 44% толығып отырады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында 24 трансшекаралық өзендер орналасқан және оның ең ірілері Іле, Ертіс және Еміл өзендері болып табылады. Аталған өзендер Балқаш, Зайсан және Алакөл көлдерінің бірден-бір су көзі болып, еліміздің шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әлеуетінің дамуына негізгі әсер етуші фактор. Сонымен қатар, екі ел арасында 24 өзеннің ішінде бірқатар шекара бойымен ағатын Қорғас, Сүмбе, Үлкен Ұласты, Қайшыбұлақ және тағы басқа ірілі-ұсақты өзендер де баршылық. Негізінен 24 өзеннің басым көпшілігі ҚХР аумағынан бастау алғаныменен, олардың бірнеше сағалары Қазақстан аумағынан бастау алып, көрші елдегі өзендерге қосылады және қайта бізге ағып кіреді. Қазақстан мен Қырғызстан арасында негізінен Шу-Талас бассейніне тиесілі Шу, Талас, Аспара, Аса және өзге де трансшекаралық өзендер орналасқан және олардың барлығы дерлік Қырғызстан аумағынан бастау алады. Шу мен Талас өзендері бассейнінің су ресурстары бірыңғай Жамбыл облысының суармалы шаруашылығының қажеттіліктеріне ғана пайдаланылып отыр. Тек қана Алматы облысы мен Қырғызстанның Ыстықкөл облысының арасында ағып жатқан шекаралық Қарқара өзені Іле өзенінің бассейніне құяды. Ал, Сырдария өзенін алатын болсақ, бұл өзен бассейні бастауы болып табылатын Нарын өзені Қырғызстанның аумағында құралып, Өзбекстан, Тәжікстан және қайта Өзбекстан аумағы арқылы ағып келіп, Қазақстан аумағында Аралға құяды. Сырдария өзенінің су ресурстарын пайдалану мәселесі, әсіресе, біздің оңтүстік өңірлер үшін аса маңызы зор. Бір ғана Оңтүстік Қазақстанның Мақтаарал ауданының 130 мың гектар суармалы жері, өзгесін айтпағанда, Сырдария суына тәуелді. Сондай-ақ, Сырдарияның Қазақстандық Арал теңізінің бөлігі үшін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсері орасан зор. Қазақстан мен Ресей арасында Ертіс, Есіл, Тобыл, Жайық және Сарыөзен мен Қараөзен атты 5 ірі өзен бассейндері орналасқан. Олардың үшеуі Қазақстанның солтүстік-шығысынан Ресейге ағып кірсе, екеуі Ресейден еліміздің батыс өңірлеріне ағып кіріп, Каспий теңізінің бассейнін толықтырады және Батыс Қазақстан облысының аса суға тапшы аудандарын сумен қамтамасыз етіп отырады. Жоғарыда айтылғанның негізінде, еліміздің трансшекаралық өзендер бойынша көрші мемлекеттерге қаншалықты тәуелді екенін аңғару қиын емес.

Қазақстан мен Қытай арасындағы келіссөздер процесі 2001 жылы қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің негізінде жүзеге асырылып отыр. Аталған келісімнің негізінде 2003-2013 жылдар аралығында атқарылған жұмыс нәтижесінде трансшекаралық өзендерде табиғи апаттық жағдайлар кезінде өзара шұғыл хабарландыру, ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамыту, өзара гидрологиялық және гидрохимиялық ақпаратпен алмасу, су сапасын қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық және Қорғас өзеніндегі «Достық» бірлескен гидроторабын бірлесе басқару және пайдалану тәрізді 7 үкіметаралық келісімдерге қол жеткізілгенін атап өту қажет. Осы орайда, ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің аясында құрылған трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-қытай бірлескен комиссиясы

бүгінгі күнге дейін 11 отырысын өткізді. Бірлескен Комиссияның 8-ші отырысында тараптар ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендердің суларын бөлу жөніндегі негізгі техникалық жұмыстардың жоспарын бекітті. ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің 2013 жылғы қыркүйекте Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары аясында қол қойылған Жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы Бірлескен декларациясында тараптардың аталған жоспарды 2014 жылы уақтылы аяқтауға күш салуды және 2015 бастап Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендер суларын бөлу туралы үкіметаралық келісім жобасын келісуді бастауды уағдаласуы, Бірлескен комиссияның жұмысының нәтижелі екенін көрсетті және бұл жайт екі мемлекет басшыларымен жоғары деңгейде аталып өтілді. Жалпы, ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласында ынтымақтастық пен ықпалдастықтың тереңдеуінің айғағы ретінде Қытай басшылығының соңғы үш буынының «ҚХР трансшекаралық өзендерде Қазақстан мүдделеріне нұқсан келтіретін ешқандай іс-шараларға бармайды» деген мәлімдемелерін келтіруге болады. Сондай-ақ, Қазақстан Қытайдың осы салада көршілес мемлекеттері ішінде қарқынды келіссөз жүргізіп отырған бірден бір жалғыз көршісі болып табылатындығын айта кету жөн. - Шығыс Қазақстанның екі ірі өзені - Ертіс пен Іле басын Қытайдан алады. Ертістің суын қытайлар Шыңжаңдағы жаңа өнеркәсіп орталығы - Қарамайға бұрып жатыр. Ертістің суы азайса, Астанаға су келетін Ертіс-Қарағанды каналының да суы азаяды емес пе? Екіншіден, Аспан асты елі Ілеге ондаған су қоймаларын салып, 60-қа жуық гидроэнергетикалық қондырғылар орнатты. Яғни, Іленің суы да жылдан жылға азая береді деген сөз. Отандық экологтар бұл жағдай Балқаштың екі су айдынына бөлініп, оның бірінің тартылуына апарып соғады дейді. Ол Арал теңізінің тағдырын қайталауы мүмкін бе? - Әрине, көршілес Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданында өндірістің, ауыл шаруашылығының және экономикасының қарыштап дамуы, ҚХР Үкіметін трансшекаралық Іле, Ертіс, Еміл және тағы басқа өзендердің қосымша су ресурстарын игеруге итермелейтіні анық. Дегенмен, Қазақстан мен Қытай арасындағы келіссөздер үдерісінде қазақстандық тарап су бөлуде негізгі принциптерді орындауды талап етіп отыр. Олар, ҚР мен ҚХР-дан басқа үшінші су пайдаланушының, яғни, Балқаш, Зайсан және Алакөл тәрізді ірі табиғат нысандарының сумен үздіксіз қамтамасыз етілу құқығы ең басты назарға алынып отыр және ол қытай тарабымен де мойындалуда. Бұл трансшекаралық өзендердің су ресурстары жақын болашақта үшке бөлінеді деген сөз. Біріншісі қытай тарабына, екіншісі қазақстан тарабына және үшіншісі табиғат нысандарына тиесілі және біз бұл қағидаттың Бірлескен комиссияның жұмысы барысында мүлтіксіз орындалуына басты назар аударып отырмыз. Сондай-ақ, болашақта трансшекаралық өзендер суларының азаюы климаттың өзгеруі факторларына да тәуелді болуы әбден ықтимал. Мұндай климаттық өзгерулердің болашақта Балқаш сияқты ірі су айдындарына салдарын тиісті зерттеулерсіз нақты болжау мүмкін емес. Дегенмен, отандық мамандардың пікірінше, болашақта трансшекаралық өзендер суларының азаюы, ірі көлдердің экологиялық ахуалына кері әсер тигізетіні жоққа шығарылмайды. Осыған орай, трансшекаралық өзендердің суларын бөлу жөніндегі негізгі техникалық жұмыстардың жоспарын іске асыру шеңберінде Қазақстан мен Қытай мамандары аталған мәселеде бірлескен кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқандығын айта кету қажет. Қазір Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық дамуының және екі ел арасындағы стратегиялық әріптестіктің нышаны ретінде 2013 жылғы маусым айында Қорғас өзенінің суын 50/50 етіп бөлетін «Достық» бірлескен су торабының іске қосылғандығын, Алматы облысындағы шекаралық Сүмбе өзеніндегі су бөлгіш құрылысының қайта жөндеуден өткізу және Шығыс Қазақстан облысындағы Үлкен Ұласты шекаралық өзенінде 2015-2016 жылдары бірлескен су бөлгіш салу жөнінде қытай тарабымен келісімдік бар. Сонымен бірге, қытайлық әріптестеріміздің сендіруінше және Шыңжаң аумағында жүргізілген қазақстан-қытай бірлескен экспедицияларының мәліметтеріне сәйкес, бүгінгі таңда қытай тарабы су үнемдегіш технологияларын жаппай енгізуді қолға алған.

Сілтеме: http://www.inform.kz/kz/transshekaralyk-ozenderdin-sularyn-halykaralyk-normalarga-saykes-adiletti-bolu-korshiles-elder-ozara-yntymaktastygynyn-basty-maselelerinini-biri-shahrat-nuryshev_a2665821